

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен
жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
10-сынып
(жаратылыстану-математикалық бағыт)

Құрметті мұғалім!

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 10-сынып білім алушыларына «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Қосымша материалдарды (нұсқаулықтар, таныстырылымдар, жоспарлар және т.б.), форумдағы талқылауларды және бейне нұсқауларды сіз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайтынан таба аласыз.

Жемісті жұмыс пен шығармашылық табыс тілейміз!

Әдістемелік ұсыныстар негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстар дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Жинақ коммерциялық емес мақсатта құрастырылған.

МАЗМҰНЫ

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР .	4
«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	4
II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	
.....	8
«Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	8
III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН	
ТАПСЫРМАЛАР	12
«Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	12
IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	
.....	16
«Мәдениеттің дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	16

І ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Өркениеттің дәстүрлі (аграрлық) түрі: көшпелі және отырықшы-егіншілік Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері. Өркениеттер әрекеттестігінің сауда- экономикалық аясы
Оқу мақсаты	10.1.2.1 Өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру 10.1.3.4 Локальді өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау 10.1.4.2 Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> • Өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін анықтайды • Өркениеттердің ерекшеліктерін салыстырмалы талдау арқылы ажыратады • Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Тест тапсырмаларын орындаңыз.

1.1. Өркениеттің дәстүрлі түрі ...

- A) көбінесе ауылдық қоғам, индустриалды емес, бүгінгі индустриалдық қоғамға қарсы, өндіру мен мәдени мұраларды сақтайтын қоғам
- B) машина жасау, зауытты ұйымдастыру, еркін сауда және базар, ең жоғары капиталдандыру
- C) капитализм, социализммен салыстырғанда әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани салалардағы ең жоғары көрсеткіштері
- D) шығармашылық, интеллектуалдық еңбектің жаппай таралуы, ғылыми білім мен ақпарат көлемінің, мәдениет салаларының дамуы

1.2. Дәстүрлі өркениеттің негізгі белгілерін көрсетіңіз.

- A) отырықшылық, көшпелілік, сауда
- B) өндірістік қатынастардың дамуы
- C) тауар-ақша қарым-қатынастары
- D) ақпараттық жүйелердің қарқынды дамуы

1.3. Дәстүрлі өркениеттің отырықшы түрінің негізгі белгілерін көрсетіңіз.

- A) егіншілік, қалалық мәдениет, қолөнер, сауда
- B) көшпелі мал шаруашылығы
- C) жартылай көшпелі мал шаруашылығы
- D) заманауи қаржы жүйесінің қалыптасуы

1.4. Қазақ халқының мәдениеті өркениеттің қайсысына жататын табыңыз.

- A) отырықшы түрі
- B) көшпелі түрі

C) аралас түрі

D) тұйық түрі

2. Кестеде берілген өркениеттердің бірін таңдап, оған салыстырмалы талдау жасаңыз.

<i>Өркениет</i>	<i>Африка</i>	<i>Америка</i>	<i>Австралия мен Океания</i>
Өндіргіш күштер дамуының деңгейі			
Мифологиялық сана			
Жазудың болуы			
Басқа өркениеттермен өзара қарым-қатынасы			
Мемлекеттіліктің болуы			

3. Дүниежүзілік сауда ұйымы, Халықаралық валюта қоры/ Ислам даму банкі/ Халықаралық жаңғыру және даму банкі бірін таңдап, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.



Ұйымға кіретін елдерді кескін картада белгілеңіз.

Халықаралық ұйымның міндеті мен мақсаты қандай?

Әлемдік экономиканың дамуында аталған ұйымның маңыздылығы қандай?

Бағалау критерийлері	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін анықтайды	1	өркениеттің дәстүрлі түріне анықтама береді;	1
		дәстүрлі өркениеттің негізгі белгілерін көрсетеді;	1
		дәстүрлі өркениеттің отырықшы түрінің негізгі белгілерін көрсетеді;	1
		қазақ мәдениетінің қандай өркениетке жататындығын анықтайды;	1
Өркениеттердің ерекшеліктерін салыстырмалы талдау арқылы ажыратады	2	өндіргіш күштер дамуының деңгейін анықтайды;	1
		мифологиялық сананың дамуын анықтайды;	1
		жазу мәдениетінің даму деңгейін анықтайды;	1
		басқа өркениеттерімен өзара қарым-қатынасын анықтайды;	1
		мемлекеттіліктің болуын анықтайды;	1
Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін көрсетеді	3	ұйымға кіретін елді картада көрсетеді;	1
		халықаралық ұйымның міндеті мен мақсатын анықтайды;	1
		әлемдік экономиканың дамуында аталған ұйымның маңыздылығын көрсетеді.	1
Барлығы			12

«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін анықтайды	Өркениеттің дәстүрлі түрі ұғымын, негізгі белгілерін, дәстүрлі өркениеттің отырықшы түрінің негізгі белгілерін, қазақ мәдениетіне жататын өркениетті анықтауда қиналады ☐	Өркениеттің дәстүрлі түрі ұғымын, негізгі белгілерін, дәстүрлі өркениеттің отырықшы түрінің негізгі белгілерін, қазақ мәдениетіне жататын өркениетті анықтауда қателіктер жібереді ☐	Өркениеттің дәстүрлі түрі ұғымын, негізгі белгілерін, дәстүрлі өркениеттің отырықшы түрінің негізгі белгілерін, қазақ мәдениетіне жататын өркениетті анықтайды ☐
Өркениеттердің ерекшеліктерін салыстырмалы талдау арқылы ажыратады	Өндіргіш күштер дамуының деңгейін, мифологиялық сана мен жазу мәдениетін, басқа өркениеттермен өзара қарым-қатынасын, мемлекеттілікті анықтауда қиналады ☐	Өндіргіш күштер дамуының деңгейін, мифологиялық сана мен жазу мәдениетін, басқа өркениеттермен өзара қарым-қатынасын, мемлекеттілікті анықтауда қателіктер жібереді ☐	Өндіргіш күштер дамуының деңгейін, мифологиялық сана мен жазу мәдениетін, басқа өркениеттермен өзара қарым-қатынасын, мемлекеттілікті анықтайды ☐
Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін көрсетеді	Ұйымға кіретін елді картада көрсетуде, халықаралық ұйымның міндеті мен мақсатын, әлемдік экономиканың дамуында аталған ұйымның маңыздылығын анықтауда қиналады ☐	Ұйымға кіретін елді картада көрсетуде, халықаралық ұйымның міндеті мен мақсатын, әлемдік экономиканың дамуында аталған ұйымның маңыздылығын анықтауда қателіктер жібереді ☐	Ұйымға кіретін елді картада көрсетуде, халықаралық ұйымның міндеті мен мақсатын, әлемдік экономиканың дамуында аталған ұйымның маңыздылығын анықтайды ☐

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып

Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары. Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары

Оқу мақсаты

10.2.2.1 Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін қолдану

10.2.1.7 Жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу

10.2.3.4 Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу

Бағалау критерийі

Білім алушы:

- «Ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін қолданады
- Жаһандану жағдайында этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын көрсетеді
- Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттейді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

Жоғары деңгей дағдылары

20 минут

Тапсырма

1. Кестеде берілген ақпараттардың «ақиқат» не «жалған» екендігін ажыратыңыз.

Ақпараттар	Жалған	Ақиқат
Қара нәсілділердің құқықтары үшін «нәсілдік кемсітушілік» саясатқа қарсы күрескен әйгілі американ қайраткері –Адольф Гитлер		
Әлемді таза қанды арийлер нәсілі билеуі керек, өзгелер төмен нәсілді адамдар олар немістерге қызмет ету үшін жаралған – деп неміс ұлтшылдығын жолға қойған нацистік партияның көсемі – Нелсон Мандела		
Нәсілдік белгілеріне бола байырғы тұрғындарды арнайы қамауда, оқшауландырып ұстау арқылы саяси, әлеуметтік-экономикалық және азаматтық құқықтарынан айыратын нәсілдік кемсітушіліктің түрі – апартеид саясаты Оңтүстік Африка Республикасында жүргізілді		

2. «Жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтау» тақырыбына SWOT-талдау жасап, сұраққа жауап беріңіз.

S күшті жақтары	
--------------------	--

W әлсіз жақтары	
O мүмкіндіктері	
T қауіп-қатерлері	

«Жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтау үшін не істеуге болады?»

3. Қазақстан қоғамының әлеуметтік стратификациясын кестеде берілген критерийлер бойынша анықтаңыз.

<i>стратификация</i>	<i>Қазақстанның әлеуметтік стратификациясы</i>
халықтың табыс деңгейі бойынша	
жас ерекшелік құрамы бойынша	
ұлттық құрамы бойынша	
білім деңгейі бойынша	

Бағалау критерийлері	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
«Ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін қолданады	1	1–ақпараттың ақиқат не жалған екенін анықтайды;	1
		2–ақпараттың ақиқат не жалған екенін анықтайды;	1
		3–ақпараттың ақиқат не жалған екенін анықтайды;	1
Жаһандану жағдайында этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын көрсетеді	2	этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың күшті жақтарын анықтайды;	1
		этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың әлсіз жақтарын анықтайды;	1
		этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың мүмкіндіктерін анықтайды;	1
		этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың қауіп-қатерлерін анықтайды;	1
		этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтауға байланысты ойын жазады;	1
Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттейді	3	халықтың табыс деңгейін зерттейді;	1
		жас ерекшелік құрамын анықтайды;	1
		ұлттық құрамын анықтайды;	1
		білім деңгейін анықтайды.	1
Барлығы			12

«Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
«Ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін қолданады	1/2/3-ақпараттың ақиқат не жалған екенін анықтауда қиналады ☐	1/2/3-ақпараттың ақиқат не жалған екенін анықтауда қателіктер жібереді ☐	1/2/3/ақпараттың ақиқат не жалған екенін анықтайды ☐
Жаһандану жағдайында этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын көрсетеді	Этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығының күшті\әлсіз\ жақтарын\мүмкіндіктерін\қауіп-қатерлерін анықтауда, сұраққа жауап беруде қиналады ☐	Этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығының күшті\әлсіз\ жақтарын\мүмкіндіктерін\қауіп-қатерлерін анықтауда, сұраққа жауап беруде қателіктер жібереді ☐	Этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығының күшті\әлсіз\жақтарын\мүмкіндіктерін\ қауіп-қатерлерін анықтайды, сұраққа жауап береді ☐
Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттейді	Халықтың табыс деңгейін, жас ерекшелік құрамын, ұлттық құрамын, білім деңгейін анықтауда қиналады ☐	Халықтың табыс деңгейін, жас ерекшелік құрамын, ұлттық құрамын, білім деңгейін анықтауда қателіктер жібереді ☐	Халықтың табыс деңгейін, жас ерекшелік құрамын, ұлттық құрамын, білім деңгейі, халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін анықтайды ☐

III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Саяси режимдердің типтері Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері
Оқу мақсаты	10.3.1.5 Деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру 10.3.2.7 Әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының салдарларын салыстыру 10.3.2.12 Тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> - Саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтайды, салыстырады - Әлемдік өзгерістерге қатысты арабтардың жаулап алуларының және крест жорықтарының салдарын салыстырады - I және II дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	Жоғары деңгей дағдылары 20 минут

Тапсырма

1. Саяси режимдердің бірін таңдап, кестені толтырыңыз.

<i>Саяси режим _____</i>	
<i>Артықшылығы</i>	<i>Кемшілігі</i>
<i>Басқа саяси режим түрімен салыстырыңыз.</i>	

2. Араб шапқыншылығы мен крест жорықтарының салдарларын анықтап, салыстырыңыз.

<i>Салдарлары</i>	<i>Араб шапқыншылықтары</i>	<i>Крест жорықтары</i>
А) территориялық		
Б) мәдениетте		
В) шаруашылықта		

3. Деректерді пайдаланып, I және II дүниежүзілік соғыстардың салдарынын Венн диаграммасында анықтаңыз.


А дерекөзі

Соғысқа 61 мемлекет, дүние жүзі халқының 80%-ы қатысты. Соғыс қимылдары 40 мемлекет жерінде жүріп, 110 млн адам әскерге алынды. 50 — 55 млн адам қазаға ұшырап, 4 триллион долл. көлемінде шығын шықты. Соғыстың аяғында фашизм толық күйреп, Батыс Еуропа

елдерінде демократияның орнауына жол ашылды. Фашизмді талқандауда шешуші рөлді КСРО құрамындағы халықтар атқарды.

В дереккөзі

Бірінші дүниежүзілік соғыс сипаты жағынан әділетсіз, жаулаушылық, империалистік соғыс болды. Мемлекеттер жаулаушылық саясат жүргізді. Соғыс ірі мемлекеттердің империалистік катынастарынан туды. Олар отарлар мен ұсақ елдерді қайта бөлісу үшін ұрыс дала ұрыс даласына шықты. Бұл соғыста екі қақтығыс алдыңғы шепте тұрды. Бірі Англия мен Германия, екіншісі Герман мен Ресей арасында болды. Осы үш ірі мемлекет бірінші дүниежүзілік соғысты бастаушылар болды. Ал қалғандары олардың одақтастары еді. Соғыс шеңберіне біртіндеп құрамында бір жарым миллиардтан астам халық бар 38 мемлекет кірді.



Бағалау критерийлері	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтайды, салыстырады	1	мемлекеттік басқару формасының артықшылығын анықтайды;	1
		мемлекеттік басқару формасының кемшілігін анықтайды;	1
		басқа саяси режим түрімен салыстырады;	1
Әлемдік өзгерістерге қатысты арабтардың жаулап алуларының және крест жорықтарының салдарын салыстырады	2	Араб шапқыншылықтары нәтижесінде қалыптасқан территориялық өзгерістерді анықтайды;	1
		Крест жорықтарының нәтижесінде қалыптасқан территориялық өзгерістерді анықтайды;	1
		Араб шапқыншылықтары нәтижесінде қалыптасқан мәдени өзгерістерді анықтайды;	1
		Крест жорықтарының нәтижесінде қалыптасқан мәдени өзгерістерді анықтайды;	1
		Араб шапқыншылықтары нәтижесінде қалыптасқан шаруашылықтағы өзгерістерді анықтайды	1
		Крест жорықтарының нәтижесінде қалыптасқан шаруашылықтағы өзгерістерді анықтайды;	1
І және II дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарын анықтайды	3	соғыс салдарларының ортақ тұстарын анықтайды;	1
		I дүниежүзілік соғыс салдарларын жазады;	1
		II дүниежүзілік соғыс салдарларын жазады.	1
Барлығы			12

**«Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға
ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтайды, салыстырады	Саяси режимдер түрлерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтауда, салыстыруда қиналады ☐	Саяси режимдер түрлерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтауда, салыстыруда қателіктер жібереді ☐	Саяси режимдер түрлерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтайды, салыстырады ☐
Әлемдік өзгерістерге қатысты арабтардың жаулап алуларының және крест жорықтарының салдарын салыстырады	Крест жорықтары мен араб шапқыншылықтарының нәтижесінде пайда болған территориялық, мәдени, шаруашылық өзгерістерді көрсетуде қиналады ☐	Крест жорықтары мен араб шапқыншылықтарының нәтижесінде пайда болған территориялық, мәдени, шаруашылық өзгерістерді көрсетуде қателіктер жібереді ☐	Крест жорықтары мен араб шапқыншылықтарының нәтижесінде пайда болған территориялық, мәдени, шаруашылық өзгерістерді көрсетеді ☐
I және II дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарын анықтайды	I және II дүниежүзілік соғыс салдарының ортақ тұстарын, ерекшеліктерін анықтауда қиналады ☐	I және II дүниежүзілік соғыс салдарының ортақ тұстарын, ерекшеліктерін анықтауда қателіктер жібереді ☐	I және II дүниежүзілік соғыс салдарының ортақ тұстарын, ерекшеліктерін анықтайды ☐

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Мәдениеттің дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы. Зманауи өнердің даму тенденциялары. Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі
Оқу мақсаты	10.4.1.3 Әлемнің ең ірі мұражайларының зерттеп, ерекшеліктерін анықтау 10.4.2.5 Бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдау 10.4.3.2 Дәйекті қорытындыларды жасай отырып, қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруінің мысалдарын зерттеу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> • Ірі мұражайларды зерттеп, ерекшеліктерін көрсетеді • Бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін анықтайды, қоғамға әсерін көрсетеді • Рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруін анықтайды, нақты тұжырымдар жасайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Әлем мұражайларының бірін таңдап, оның ерекшеліктерін анықтаңыз.

Лувр/Эрмитаж/ҚР Ұлттық мұражайы/Британ мұражайы

<i>Зерттеу бағыттары</i>	<i>Мұражай атауы _____</i>
мұражайдың қызметтік бағыты	
негізі қаланған жылы	
жәдігерлердің көлемі	
келушілер саны	

2. Деректермен танысып, қазіргі бұқаралық мәдениеттің жағымды және жағымсыз тұстарын кестеде анықтаңыз.

А дереккөзі

Жаһандану жағдайында этникалық мәдениеттің қатаң шекаралары шайылып, оның өзіндік этномәдени ерекшелігін сақтап тұратын "жабықтығы" жойылады. Этникалық мәдениетті дінгек тұтатын ұлттық мәдениет - ол тек ресми, мемлекеттік мәдениет қана емес, әртүрлі субмәдениеттердің (оның ішінде бұқаралық мәдениет те кіреді) өзара ықпалдасуы нәтижесінде пайда болған ұлттық мәдениет жиынтығы. Бұқаралық мәдениет те біртұтас емес, ол көпқырлы. Ең күштісі - маргиналдық қабат, одан кейін танымал, жастардың субмәдениеті және т.б. жатады.

В дереккөзі

Қазіргі жаһандану процесі жағдайында бұқаралық мәдениет трансұлттық мәдениеттің болашақ үлгісі ретінде қабылданады, басқа қырынан этникалық құндылықтарға және этномәдени өзіндікке қарсы тұратын мәдениет ретінде түсіндіріледі. Мәдени құндылықтарды конвейерлік тәсілмен өндіру олардың тұлғалық шығармашылық мазмұнын кемітіп, адамдық жатсынудың жаңа формаларын қалыптастырады. Бұқаралық мәдениет үлгілері қазақ халқының ұлттық құндылықтар сүзгісінен өтуі қажет.

<i>Бұқаралық мәдениеттің қоғамға ықпал етуі</i>	
<i>Жағымды жақтары</i>	<i>Жағымсыз жақтары</i>
<i>Қорытынды</i>	

3. «Рухани-адамгершілік құндылықтардың саяси оқиғалардың әсерінен өзгеруі» тақырыбында SWOT-талдау жасаңыз.

S Күшті жақтары	
W Әлсіз жақтары	
O Мүмкіндіктері	
T Қауіп-қатерлері	

Бағалау критерийлері	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Ірі мұражайларды зерттеп, ерекшеліктерін көрсетеді	1	мұражайдың қызметтік бағытын көрсетеді;	1
		негізі қаланған жылды анықтайды;	1
		жәдігерлерінің көлемін анықтайды;	1
		келушілер санын анықтайды;	1
Бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін анықтайды, қоғамға әсерін көрсетеді	2	бұқаралық мәдениеттің қоғамға жағымды ықпалын жазады;	1
		бұқаралық мәдениеттің қоғамға жағымсыз ықпалын жазады;	1
		бұқаралық мәдениеттің қоғамға ықпалына қорытынды жасайды;	1
Рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруін анықтайды, нақты тұжырымдар жасайды	3	рухани-адамгершілік құндылықтар саяси оқиғалардың әсерінен өзгеруінің күшті жақтарын анықтайды;	1
		рухани-адамгершілік құндылықтар саяси оқиғалардың әсерінен өзгеруінің әлсіз жақтарын анықтайды;	1
		рухани-адамгершілік құндылықтар саяси оқиғалардың әсерінен өзгеруінің мүмкіндіктерін анықтайды;	1
		рухани-адамгершілік құндылықтар саяси оқиғалардың әсерінен өзгеруінің қауіп-қатерлерін анықтайды.	1
Барлығы			11

«Мәдениеттің дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Ірі мұражайларды зерттеп, ерекшеліктерін көрсетеді	Мұражайдың қызметтік бағытын, негізі қаланған уақытын, жәдігерлерінің көлемі мен келушілер санын анықтауда қиналады ☐	Мұражайдың қызметтік бағытын, негізі қаланған уақытын, жәдігерлерінің көлемі мен келушілер санын анықтауда қателіктер жібереді ☐	Мұражайдың қызметтік бағытын, негізі қаланған уақытын, жәдігерлерінің көлемі мен келушілер санын анықтайды ☐
Бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін анықтайды, қоғамға әсерін көрсетеді	Бұқаралық мәдениеттің қоғамға ықпалының жағымды, жағымсыз тұстарын анықтап, қорытынды жасауда келтіруде қиналады ☐	Бұқаралық мәдениеттің қоғамға ықпалының жағымды, жағымсыз тұстарын анықтап, қорытынды жасауда қателіктер жібереді ☐	Бұқаралық мәдениеттің қоғамға ықпалының жағымды, жағымсыз тұстарын анықтап, қорытынды жасайды ☐
Рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруін анықтайды, нақты тұжырымдар жасайды	Рухани-адамгершілік құндылықтардың саяси оқиғалардың әсерінен өзгеруінің күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндіктерін, қауіп-қатерлерін анықтауда қиналады ☐	Рухани-адамгершілік құндылықтардың саяси оқиғалардың әсерінен өзгеруінің күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндіктерін, қауіп-қатерлерін анықтауда қателіктер жібереді ☐	Рухани-адамгершілік құндылықтардың саяси оқиғалардың әсерінен өзгеруінің күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндіктерін, қауіп-қатерлерін анықтайды ☐